

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитет мәжілісінің
№4 Мәжілісі

Түркістан қ

30.01.2023 ж.

Қатысқандар:

«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет төрағасы:
Бельдибекова А.Т., ф.ғ.к. доцент,
АК мүшелері: Сердәлі Б.К., ф.ғ.к., профессор, Садибеков А.К. аға оқытушы, Дәулетов Мәлік
«Түркістан-медиа» ЖШС директоры, газеттің бас редакторы, Тәжібаева Назерке 2-курс
студенті, Абдумутали Еңлік 1 курс студенті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.ГОСО өзгерістеріне байланысты магистратура білім беру бағдарламасын жаңарту туралы. Баяндамашы АК төрағасы, Бельдибекова А.Т., ф.ғ.к. доцент.

ТЫНДАЛДЫ:

1.ГОСО өзгерістеріне байланысты магистратура білім беру бағдарламасын жаңарту туралы. Баяндамашы АК төрағасы, Бельдибекова А.Т., ф.ғ.к. доцент.

Аталған мәселе бойынша АК төрағасы, А.Бельдибекова сөз алып «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілгенін айтып, таныстырып өтті. Осы өзгеріске сәйкес 2023-2024 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін білім беру бағдарламасын бекіту қажеттілігі туындап отырғанын жеткізді.


-Жалпы, магистратура бағдарламасында оқу мерзімі 2 жыл, осы уақыт аралығында білімгер 120 кредитті игеруі керек. Оның ішінде базалық пәндер 35 кредит, Бейіндеуші пәндер циклі 53 кредитті құрайды. Ғылыми зерттеу жұмыстары - 24 кредит, магистрлік диссертацияны рәсімдеу мен қорғау 8 кредитті құрайды. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» №2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі бірқатар пәндердің кредиттері өзгертілді.

ГОСО-ға өзгерістер енгізілуіне байланысты, реестрде тіркеуден өтіп, базада тұрған магистратура бағдарламасын базадан шығарып ГОСО-ға сәйкестендіріп, өзгерістер енгізіп Esuvo жүйесіне қайта жүктеу қажет.

ШЕШІМ:

1. 2023-2024 оқу жылына даярланатын магистратура білім беру бағдарламасы ГОСО-ға сәйкестендіріп, өзгерістер енгізілсін. Жауапты: А.Т.Бельдибекова.

Мәжіліс төрайымы:



А.Бельдибекова

Хатшы:



А.Ташимова